

# ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМЫТУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ



International Association for Community Development  
Association Internationale de Développement et d'Action Communautaires

**2018 65TH ANNIVERSARY YEAR**

**WITHOUT COMMUNITY DEVELOPMENT  
THERE IS NO SUSTAINABLE DEVELOPMENT**



# АЛҒЫСӨЗ

Бұл құжатта қоғамдастықты дамыту практикасының жалпы халықаралық стандарттарының негізі берілген. Мұнда қоғамдастықты дамыту практикасының бүкіл әлемге ортақ тақырыптары мен негізгі салалары қамтылған. Сонымен қатар, бұл құжатта кәсіби қоғамдастықты дамыту практикасының мақсаты, оның негізі болып табылатын құндылықтары және практикамаман қолданатын әдістері айқындалған.





2016 жылдың қазан айында Халықаралық қоғамдастықты дамыту қауымдастығы (IACD) сол жылы өткен Жыл сайынғы жалпы жиналыста IACD қоғамдастықты дамытудың жаңа анықтамасын қабылдағаннан кейін, IACD Оқыту және кәсіби даму комитеті қауымдастықтың мүшелеріне арнап қоғамдастықты дамыту бойынша нұсқаулық жасауды бастағандығы жайлы хабарлады. IACD Басқармасы осы жобаны әрі қарай жетілдіру үшін Шотландияның қоғамдастық оқыту және даму стандарттары жөніндегі кеңесімен<sup>1</sup> (CLDSC) ынтымақтасуға келісті. CLDSC біздің 2014 жылғы Глазгодағы халықаралық қоғамдастықты дамыту конференциясын ұйымдастыруда IACD-дың серіктесі болған, сонымен қатар соңғы отыз жылда қоғамдастықты дамыту стандарттарын шығаруда тәжірибесі бар, Шотландиядағы осы салада жұмыс жасайтын мамандандырылған агенттік болып табылады<sup>2</sup>. Нұсқаулықтың жобасын дайындау үшін бірлескен мақсатты топ құрылды. 2016 жылдың қараша айында біз мүшелер арасында талқылауға арналған алғашқы құжатты тараттық. Бұл құжатта ұлттық қоғамдастықты дамыту бойынша кейбір елдерде жүргізіліп жатқан жұмыстардың мысалы келтірілген. Мақсатты топ «Қоғамдастықты дамытуға арналған жалпы халықаралық стандарттарға нұсқаулық жобасы» деп аталатын мүшелерге арналған анықтамалық құжатты дайындау үшін бірнеше рет жиналды. Кейін бұл құжат IACD мүшелеріне 2018 жылы 31 мамырда аяқталған төрт айлық консультацияға жіберілген болатын. Берілген құжатта осы жобаның алғышарттары және неліктен, IACD пікірінше, мүдделі тараптарға (қоғамдастықтар, практик-мамандар, нұсқаушылар, жұмыс берушілер, демеушілер, саяси кеңесшілер және т.б.) қоғамдастықты дамыту практикасы жайлы жалпы халықаралық түсінікті таныстыра алу пайдалы болатындығы түсіндірілген. Басқаша айтқанда, құжатта жалпы практиканың не екендігі жайлы айтылған. Біз бұл Халықаралық стандарттарды мүше тұлғалар мен әртүрлі елдерде жұмыс істейтін басқа да адамдарға әртүрлі жұмыс жағдайларында қолдану және бейімдеуі үшін бастапқы нүкте ретінде қарастырдық.

1. Қоғамдастық оқыту және даму

2. CLDSC-Шотландияда стандарттарды орнату және кәсіби дайындықты мақұлдау үшін жауапты орган. Бұл жұмыс бастапқыда Қоғамдастық білім беру кеңесімен жүргізілді және кейін CLDSC-ке берілді.





Біз бүкіл әлем бойынша, Қытай мен Оңтүстік Африкадан, Канададан, Австралиядан және Португалиядан, АҚШ пен Жаңа Зеландиядан, Біріккен Корольдіктен, Кениядан және басқа елдерден Нұсқаулықтың жобасына қатысты жауап алдық. Бұл жұмысты жүргізуге шынымен де бүкіл әлем күш-жігерін салды, сол себепті біз мүше тұлғаларға қолдау көрсетіп, жауап қатқандары үшін және сын айтқандары үшін шексіз алғысымызды білдіреміз. Алынған жауаптардың кейбірі жеке тұлғалардан, ал көбі ұлттық/ аудандық мекемелер жүйелерінен келді. Бұл жауаптарды дайындаған кезде тиянақты жұмыс атқарып, бірталай уақыт жұмсалғаны анық көрінеді. Алынған пікірлердің көбі Нұсқаулық жобасындағы белгілі бір сөйлемдердің құрылымы мен пункттеріне және біз осы жобаға қосатын, алып тастайтын немесе өзгертетін ұсыныстарға қатысты болды, бірақ жалпылай ұсыныстарға қолдау көрсету формасында болды. Жауаптардың басым бөлігі IACD-дың осы бастамасына қолдау білдірді. Дегенмен, кейбір мүше тұлғалары өз жауаптарында мұндай нұсқаулықты жариялап, қауымдастықтың анықтамасын ерте қабылдаған кезде, IACD біздің түсінігіміздегі қоғамдастықты дамыту дегеннен еңбекақысы төленбеген практик-мамандар мен қоғамдық белсенділерді алып тастап, жабық мамандықты қалыптастырудағы басқарал жіберген қателікті қайталағанына алаңдаушылық білдірді. Бұл маңызды сыни ескертулер және біз осы проблемаларды біздің ашық ұйым болу ниетімізді айқын көрсететін әдіспен шешуге тырысамыз. Шын мәнінде, біздің ешқашан басқа ниетіміз болған емес.

Біз қоғамдастықты дамыту практигі кім болатыны жайлы ойланғанда, IACD ешқашан белгілі бір шектеулер қойған емес, тек бір анығы ол қоғам қайраткері, активист немесе белсенді азаматтан ерекшеленетіні. Қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандарына еңбекақы төленбеуі мүмкін, тіпті көбіне төленбейді де. IACD кәсіподақ болмаса да, біз қоғамдастықты дамыту бойынша жұмыстың күрделі екенін көрсететін көпжылдық тәжірибемізді атап өткіміз келеді. Жалпы біз практик-мамандардың еңбегі үшін ақы төленіп, жұмыс жағдайы жасалғанын қалаймыз.



Біз сондай-ақ қоғамдастықты дамыту жөніндегі барлық мамандар үшін жұмыс алды және жұмыс уақытында кәсіби даярлықтың жоғары сапалы мүмкіндіктерін қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тырысамыз. Сонымен қатар, білім беру мен кәсіби даярлық бойынша жеткізушілерден бұрынғы эмпирикалық оқуды мойындап, аккредиттеуін және бұрын қоғамдастық басшылары мен белсенділері болған жұмыс қоғамдастықтарының адамдары үшін қолжетімділікті арттыруын талап етеміз. Біз әлемде қоғамдастықты дамытуды ұсынатын мыңдаған курстар бар деп ойлаймыз (төмендегі Жаһандық картографиялық зерттеуді қараңыз). Осы курстарды қоғамдастықты дамыту практикасына дайындау кезінде жоғары стандарттарды насихаттау қоғамдастықты дамыту жөніндегі практик-мамандардың да, қоғамдастықтың да мүдделері үшін.




IACD берген анықтамада біз қоғамдастықты дамыту жайлы практикаға негізделген мамандық және академиялық пән ретінде де айтамыз. Мұндай күрделі, кейде қауіпті және лас жұмысты орындау үшін, практик-мамандар адамдардың өмірінің өзара байланысқан шынайылықты, сол адамдар өмір сүретін саяси, мәдени және қоршаған орта туралы түсінік алу үшін, және осы адамдарды ілгері жетелейтін өзгеріске жету үшін саяси, әлеуметтік және экологиялық ғылымдардан хабардар болуы қажет. Практик-мамандардың қарым-қатынас жасауда, қалайша тиімді тәлімгер және ұйымдастырушы болуда, қалай ресурстарға қол жеткізуде және қалайша жанашыр болуда дағдылары болуы қажет. Және осының бәріне негіз болатын, практик-мамандар біздің әлеуметтік және экологиялық әділеттіктің әмбебап құндылықтары жөніндегі түсінігімізді және демократиялық қатысуды ұстанулары қажет.

Біз кейбір мемлекеттерде қоғамдастықты дамытуға оқыту және жоғары оқу орындары ұсынатын курстардың тым теоретикалық болып бара жатқаны жайлы айтып өткенбіз. Бұл жерде біздің саламызда сауаттылықты ЖӘНЕ практикалық дағдыларды үйрету мен жұмысқа қажет тәжірибені қамтитын ойға қонымды баланс қажет. Өзгеріске бейімді болу үшін, қоғамдастықты дамыту практикасына біздің басымыз, қолымыз бен жүрегіміз қажет, ал біздің практикамыз ұйымдастырылған білімге негізделеді, білім өз кезегінде практика мен зерттеулерге негізделеді.



3. <http://www.iacdglobal.org/2017/09/18/are-we-now-ready-for-an-international-forum-for-professional-community-development-educators/>



Қоғамдастықты дамытудың жалпы халықаралық стандарттарын жариялай отырып, біз «мамандық» терминімен нені білдіретінімізді анықтай кетуіміз қажет. Нұсқаулықтың жобасы бойынша алынған жауаптардың бірі осы сәтті ерекшелеп өтеді. Дәйектеме келтірсек: «Практика стандарттары туралы құжатта кәсіпқойлықтың анықтамасы болмаса да, тұспалдауларға қарағанда (әлеуметтік жұмыстар сияқты мамандандырылған байланысты пәндермен, денсаулық сақтау пәндерімен, қала жоспарлау, архитектурамен жұмыс жасауға және практика стандарттарын құрастыру қажеттілігіне сілтеме) ұжатта қолданылатын «кәсіпқой» термині кәсіпқой ұйыммен бақыланатын, практика стандарттары жөнінде жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту бойынша қызметкер болып табылатын, белгілі бір сарапшылық білімі мен дағдылары бар адамға қатысты айтылады. «Кәсіпқойлық» терминінің басқа да қолданысын байқауға болады, мысалы, басқаларға құрметпен, ілтипатпен қарайтын, білікті болып келетін, ал қоғамдастықты дамытуға қатысты сыртқы сарапшы емес, қоғамдастық орнатқан құзыреттілік шеңберінде қызмет ететін тұлғаға қатысты. Алайда «кәсіпқойлықтың» мағынасын түсінудің мұндай әдісі құжатта тұжырымдалмаған».

Бұл қисынды дәлел, және оған жауап бере отырып, біз IACD бұл терминді екі мағынада да қолданатындығын атап айтамыз. Осы себепті қоғамдастықты дамытудың түсінігі ретінде «мамандық мүмкіндіктерін арттыру» дегенді қабылдадық. Бұл практикпен біз бірге жұмыс істейтін адам (біздің қызметкеріміз болуы да мүмкін) арасындағы қарым-қатынастың сипатын көрсетеді. Жұмысы Билік пен адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қоғамдастықты дамыту жөніндегі мамандар мен агенттіктердің жұмысында негізгі рөл атқарады. Алайда оны сәтті жүзеге асыру барлық қоғамдастықты дамыту практикасында кездесе бермейтінін мойындауымыз қажет. Кейбіреулер керісінше әлжуаз қоғамдастықтарды одан әрі әлсіретіп, зиян келтіреді. Сол себепті бізде, қауымдастық ретінде, мүшелеріміздің қоғамдастықты дамытудың қандай түрін қабылдап, әрі қарай дамыту жайлы анық түсінігіміз бар.

Біз, сонымен қатар, өзіміздің әріптестеріміз арасынан, жұмыскерлер мен еріктілер, жұмыс берушілер мен демеушілер, ұлттық және аудандық кәсіби жұмыс стандарттарын жүзеге асырушы мекемелер (бер жерлерде) және бірге жұмыс жасайтын қоғамдастықтар арасынан біздің практикамызды қолдауда және арттыруда дауысы болуы қажет бірнеше мүдделі тұлғаларды мойындаймыз. Олар бар жерде құрамында осы мүдделі тұлғалар бар ұлттық органдар ұлттық стандарттарды келісуге, практиканың мониторингі және оны қолдауға, сонымен қоса қоғамдастықты дамыту бойынша қызмет алды және қызметтен қол үзбей оқыту бағдарламасын мақұлдауға жауапты екендігін анық білеміз. IACD-дың рөлі халықаралық шығармашылық Практика қоғамдастықтарын көтермелей отырып, желілер құруды, осы ұлттық органдар арасында идеялар мен әдіс-тәсілдерді бөлісуді қолдау болып табылады. Алайда, қазіргі кезде мұндай ұлттық органдар мен ұлттық стандарттар тек бірнеше мемлекеттерде ғана бар. Мұндай мемлекеттердің бірі - IACD орналасқан Шотландия.

Біз бұл IACD Оқыту және кәсіби даму комитетінен алынған баяндаманы қоғамдастықты дамытудың сапасын, қолжетімділігін және есеп берушілігін арттыру және осы практиканы әрі қарай қолдау үшін кәсіби даму сапасын арттыру мақсатында мүше тұлғаларға және бүкіл әлем бойынша басқа да салаларда жұмыс жасайтын практик-мамандарға, қоғамдастықтарға, білім беру және оқыту қызметтерін жеткізушілерге, жұмыс берушілерге, жергілікті және аудандық қоғамдастықты дамыту қауымдастықтарына нұсқаулық ретінде ұсынамыз.

### **Пол Лашапель**

Президент, Халықаралық қоғамдастықты дамыту қауымдастығы

### **Джон Стэнсфилд**

IACD Оқыту және кәсіби даму комитеті төрағасы





## ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

2016 жылы IACD Кеңесі мен жыл сайынғы жалпы жиналыс қауымдастық үшін қоғамдастық дамуының келесі жаһандық анықтамасын қабылдады: **«Қоғамдастықты дамыту – ол қалалық немесе ауылдық жерлердегі жергілікті, тұлғалық немесе мүдделік бойынша қоғамдастықтарда адамдарды ұйымдастыру, оқыту және олардың мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өкілетті демократияны, тұрақты дамуды, құқық, экономикалық мүмкіндіктерді, теңдікті және әлеуметтік әділеттілікті насихаттайтын іс-тәжірибеге негізделген мамандық және академиялық пән».**

Содан бері бірқатар ұлттық қоғамдастықты дамыту қауымдастықтары осы анықтаманы қабылдауда, не болмаса қарастыруда. Бұл мүше тұлғалардың IACD анықтамасының практика мен үндес екендігімен және осылайша практика жайлы жалпы түсінікті қалыптастыруға көмектесетінімен жиі келісетіндігін көрсетеді. IACD анықтамасы 1950 жылдары IACD құрылған кезде БҰҰ қабылдаған «қоғамдастық мүшелері бірге жиналып, мәселелерге ортақ шешім тауып, біріге әрекет жасау процесі» ретінде қоғамдастықты дамытудың кең мағынасына негізделеді.

АҚШ-та 1950 жылдан бастап бұл терминді алғаш рет қолданып бастаған кезде, ол қоғамдастықты дамытуды «дамымаған облысты дамытатын техникалық көмек бағдарламаларымен қамтамасыздандыру және ведомствоаралық үйлестіру процесі» ретінде сипаттады. Ең басынан бастап IACD қосқанда, БҰҰ, ұлттық органдар мен басқалары қоғамдастықты дамыту дегенді осындай қоғамдастыққа техникалық және басқа да көмек көрсете отырып, бірлескен әрекеттің байланысқан процесі деп түсінген.



2018 жылдың басында біздің 65 жылдығымызды атап өту үшін, IACD «Practice Insights» журналының ерекше басылымын шығардық<sup>4</sup>. Бұл басылымда біздің соңғы алты жылдық қоғалысымызға үлес қосқан адамдар мен оған не әсер еткені жайлы ой толғадық. Біздің ойлауымыз бен практикамыздың қалыптасуына көптеген адамдар себеп болған. Біздің мақаламызда айтылғандай: **«Соңғы алпыс жылда он мыңнан астам қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары өздерінің тәжірибесін қоғамдастықтарды адамдардың өмірін жақсартуға және ғаламшарымызға қамқор болуға жұмыла әрекет жасауға ынталандыруға арнады. Олардың жұмыстары көптеген ең осал деген адамдарға сөйлеу құқығын беріп қана қоймай, әрекет жасауға септігін тигізді»**.

«Practice Insights» журналының 65 жылдық мерейтой басылымында біз қоғамдастықты дамыту практикасының үнемі саяси даулы болғандығын, консерваторлар да, радикалдар да кейде түрлі мағынада қолданатындығын байқадық. Қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары мен мыңдаған зерттеу жұмыстары, қоғамдастықты дамыту жайлы жарияланымдар мен көмекші құралдардың барлығы біздің саламыздағы көптеген сыни пікірлерді көрсетуде. Бұл дегеніміз дұрыс мамандық белгісі. Біздің негізгі құндылықтарымыз туралы ой қалыптастыруға, қоғамдастықты дамытудың саяси емес, құндылықтарды елейтін процесс екенін тануға ықпалын тигізген де осы практик-мамандар мен басқа да адамдар болған. Біз бұл құндылықтар жайлы баршаға ашып айтқанбыз. Дәл сол құндылықтар IACD-дың 2016 жылғы анықтамасының басты назары және осы құжаттың негізі болып табылады.

IACD-дың қоғамдастықты дамытуды өздерінше анықтап, түсіндіру шешімі қоғамдастық дамытуды түрлі елдерде түрле тренинг өткізушілер, жұмыс берушілер мен практик-мамандар түрліше және ауқымды түсіндіретіндігін көрсеткен зерттеудің (IACD-дің 2015 жылы қоғамдастықты дамытуды оқыту бағдарламалары жөнінде бүкіл әлем бойынша жүргізген зерттеуі) нәтижесі. Біз қоғамдастықты дамытуды бакалавр пәні ретінде қамтитын жүздеген магистратура деңгейіндегі оқыту бағдарламаларын анықтадық<sup>5</sup>. Кейбіреуі қоғамдастықты дамыту бойынша маман дәрежесінде, ал кейбірі қоғамдастықты дамытуды денсаулық сақтау, экономикалық даму, әлеуметтік жұмыс, ауылды жерлерді дамыту (біразын атап өтсек) сияқты пәндермен байланыстырады. Біздің зерттеуіміз бұл дәрежелердің нақты неге үйреткенін қарастырып, оның сапасын бағалауға тырысқан жоқ, алайда олардың бар екендігі және студенттерге қоғамдастықты дамытуда мансап бастауға мүмкіндік беруге арналған оқыту ретінде жарнамаланатыны практиканың көптеген дамушы және дамыған елдерде бар екендігін және практик-мамандарға нарықта сұраныс бар екендігін көрсетеді.

4. Practice Insights 9. 65 жылдық мерейтойлық арнайы басылым. 2018 жылдың қаңтар айы.  
5. <http://www.iacdgloba.org/practice-exchange/mapping-study/>





Сол себепті ІАСД халықаралық кәсіби қауымдастық ретінде ақы төленетін де, төленбейтін де практик-мамандарды жалпы құндылыққа негізделген қоғамдастықты дамытудың мақсатының жалпы түсінігін қабылдауға ынталандыру маңызды деп санайды. Кәсіпби маман біліктіге қалай тең болса, біздің ниетіміз де практиканың не екендігі туралы жалпы көзқарасқа негізделген сол практиканың жоғары стандарттарын қолдау болып табылады. Қоғамдастықты дамытудың ІАСД берген анықтамасын мақұлдасу қоғамдастықты дамытудың және практик-мамандарды оқытудың ортақ халықаралық стандарттарын жобалап, жан-жаққа таратудың басты нүктесіне айналады.

Бүкіл әлем бойынша жаңа жұмыс орындары саны мен қоғамдастықты дамытуға деген мүмкіндіктер өсіп жатқандай, шешу талап ететін міндеттер де өсуде, осындай мүмкіндіктердің ең маңыздыларының бірі ретінде БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) атап өтуге болады. Мұндай кезеңде біздің мамандығымыз үшін қазіргі қоғамдастықты дамытудың кәсіби оқу мүмкіндіктерінің қиыншылықтарға дайындық дәрежесін талдап, қайта бағалауымыз қажет.

2016 жылы БҰҰ-ның 2016 жылы ТДМ-ын қабылдауы қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандарға қоғамдастықты осы ТДМ күн тәртібіне қатыстыру үшін олардың әлеуетін қалайша өсіруге болатынын көрсетуге мүмкіндік берді. Ол климат өзгерісі бойынша, немесе денсаулықты сақтау саласын күшейту, кедейлік ауқымын кеміту немесе өмір бойы оқу бойынша қоғамдастықтарды күшейту болуы мүмкін.



# ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРҒА НЕГІЗДЕЛУ

Соңғы жылдары бір топ ұлттық қоғамдастықты дамыту жөніндегі қауымдастықтар мен мекемелер қоғамдастықты дамытудың ұлттық стандарттарын немесе кәсіби стандарттарын әзірлеп шығарды. Ол стандарттарда адам сапалы қоғамдастықты дамыту практикасын жүргізу үшін не нәрсе істеуі қажет, білуі қажет және түсінуі қажет екендігін сипаттап, дағды, білім және жұмыс құндылықтарын біріктіре отырып, жақсы практиканы насихаттау арқылы қызметкерлердің кәсіби дамуына септігін тигізеді.

Кейбір елдерде бұл ұлттық стандарттардың практик-мамандар, менеджерлер, «пайдаланушылар» мен оқу қызметтерін жеткізушілердің мүдделерін және практиканы бақылаудаға тәжірибені қоса отырып, «әріптесі жүргізетін» мониторинг функциясы бар. Оның мақсаты барлық практик-мамандарды қолдайтын, қоғамдастықты дамытудың жалпы мақсатын, процестерін және негізгі рөлдерін көрсететін келісілген стандарттар жинағын жасау болып табылады.

Қазіргі стандарттардың көбі Солтүстік елдер қоғамының практикасы мен ғылыми білімдеріне (және болжамдарына) негізделгенмен, оларды бірнеше елдерде түрлі ұлттық қоғамдастықты дамыту желілері мен мекемелерінің шығарғандығының өзі үлкен бастама нүктесі болып табылады. Біздің ойымызша, бұл тәсілдерді бүкіл әлем бойынша қабылдауға/бейімдеуге болады. Қазір бұл ойымыз жүзеге асырылып бастауда, мысал ретінде осы бағыттағы Оңтүстік Африка мен Жаңа Зеландиядағы қозғалыстарды атап өтуге болады.

Соңғы отыз жылда не одан да көп уақытта түрлі мемлекеттерде практик-мамандар, нұсқаушылар және жұмыс берушілер практикаға қажет құзыреттіліктерді және ізінше практик-мамандарға қандай білім, дағды және құндылықтар мен қандай дайындық қажет екендігін келісу үшін ауқымды жұмыс жүргізілді.





Бұл ұлттық стандарттар қиындықтар, өзгеріс пен жетілдіру процестері негізделетін бастапқы нүкте болып табылады (стандарттардың мысалдарын төменнен қараңыз)6. Біздің «Қоғамдастықты дамытудың жалпы халықаралық стандарттары» деп атайтынымыз соңғы жылдары Ирландия, Біріккен Корольдік, Оңтүстік Африка және Жаңа Зеландия сияқты мемлекеттерде жүргізілген жұмыстарға негізделеді.

### **ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ ПРАКТИКАСЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖҰМЫСЫНАН ӘЛДЕҚАЙДА ЗОР**

Төмендегі тақырып, негізгі салалар және тұжырымдамалар бөлімдерінде біз IACD-дың қоғамдастықты дамыту практикасы ретінде нені білдіретіндігі жайлы айтылады. Бұл тәжірибені түрлі салаларда түрлі рөл атқаратын адамдар, соның ішінде кәсіби қоғамдастық саласындағы қызметкерлер (және дәл сондай рөл атқаратын бірақ басқа лауазымдағы адамдар) жүзеге асырады. Олар оны әлеуметтік сала, ересектерге білім беру, жастармен жұмыс жасау, денсаулық сақтау, экологиялық білім беру, экономикалық даму салаларынан бастап қалалық жоспарлау, регенерациялау, архитектураға дейінгі салаларда жұмыс жасайтын және қоғамдастықты дамыту құндылықтарын қолдануға, сонымен қоса қоғамдастықты дамыту әдістерін қабылдауға ұмтылатын басқа да мамандармен біріге отырып жүзеге асырады.

**Біз олардың барлығын «қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары» деп атап, «қоғамдастық қызметкерлер» деген мағынаны да қамтитын кең термин ретінде қолдануды ұсынамыз. Біз «қоғамдастықты дамыту практигі» деген терминді кәсіби еңбек саласында қызмет атқаратын (еңбекақы алатын және алмайтын) адамдарды және басқа да қзара байланысқан секторлардағы қоғамдастықты дамыту құндылықтары мен оның әдістерін пайдаланатын мамандарды қамтитын түсінік ретінде пайдаланамыз.**

Қоғамдастықты дамыту практикасы сондай-ақ қоғамдастықпен жұмыс жасайтын даму саласындағы рөлдерден бастап басқарушылық және стратегиялық қоғамдастықты жоспарлау рөліне дейінгі бір қатар кәсіби мақсаттар мен дәрежелерді қамтиды.

6. <http://cldstandardscouncil.org.uk/>  
<http://www.ohcc-ccso.ca/en/courses/community-development-for-health-promoters/module-one-concepts-values-and-principles/values->  
<http://ctb.ku.edu/en/table-of-contents/analyze/choose-and-adapt-community-interventions/ethical-issues/main>  
[cdctn.org/photos/custom/3.%20Code%20of%20Ethics.pdf](http://cdctn.org/photos/custom/3.%20Code%20of%20Ethics.pdf)  
<http://www.iedconline.org/web-pages/inside-iedc/iedc-code-of-ethics/>  
<http://www.comm-dev.org/about/principles-of-good-practice>  
<http://cldstandardscouncil.org.uk/resources/national-occupational-standards/>



Бұл практикалардың барлығы қоғамдастықтағы адамдарды ұйымдастыру, оқыту және мүмкіндіктерін арттыру арқылы өкілетті демократияны, тұрақты дамуды, құқықты, экономикалық мүмкіндіктерді, теңдікті және әлеуметтік әділеттікті насихаттауда өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан-да біз осы Стандарттардың барлығы үшін пайдалы болады деген үміттеміз.

### **IACD анықтамасын толығырақ қарастырайық**

**“Қоғамдастықты дамыту – ол қалалық немесе ауылдық жерлердегі жергілікті, тұлғалық немесе мүдделік бойынша қоғамдастықтарда адамдарды ұйымдастыру, оқыту және олардың мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өкілетті демократияны, тұрақты дамуды, құқық, экономикалық мүмкіндіктерді, теңдікті және әлеуметтік әділеттілікті насихаттайтын іс-тәжірибеге негізделген мамандық және академиялық пән”**

Бұл анықтаманы жұмыстың негізін қалаушы құндылықтарын, мақсат және әдістерін білдіреді деп қарастыруға болады.

#### **A. Негізін қалаушы құндылықтар**

Анықтаманың өзі қоғамдастықты дамытудың мақсаты жайлы тұжырымдаманы қамтиды:

Құқыққа, ынтымақтастыққа, демократияға, теңдікке, экологиялық және әлеуметтік әділеттілікке бейілділік.

Бұл тұжырымдама кәсіби тәжірибені әртүрлі мәнмәтіндерде қолданылатын этикалық стандарттарға сәйкес жұмыс, адамдармен және әр түрлі күн тәртібі бар ұйымдармен жұмыс ретінде көрсетеді.

#### **B. Мақсаты**

Анықтаманың өзі қоғамдастықты дамытудың мақсаты жайлы тұжырымдаманы қамтиды:

Өкілетті демократияға, тұрақты дамуға, құқыққа, экономикалық мүмкіндіктерге, теңдік және әлеуметтік әділеттілікке жету мақсатында қоғамдастықтармен жұмыс жасау.

Бұл жоғары деңгейлі мақсат тұжырымдамасы сапарды да, межелі пунктті де өлшеуге арналған үлгі ретінде пайдаланылуы мүмкін.



### С. Орталық әдістер мен процестер

Анықтамада қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары қабылдаған әдістер мен процестер нақты баяндалған:

“өз қоғамдастығында адамдарды ұйымдастыру, оқыту және мүмкіндіктерін арттыру ...».

Ұйымдастыру мен білім берудің қоғамдастықты дамыту әдістері олардың қатысушыларға қалайша өздерінің әлеуетін арттыруға мүмкіндік беруге болады деген мәселеге бағытталғандығы арқылы, және ұйымдастыру мен білім беруді, әрекет пен оқуды бірге байланыстыру арқылы ерекшеленеді. Бұл процесс ұйымдастырушы/білім беруші рөліндегі қатысушылар мен қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары арасындағы диалогқа негізделеді, сонымен қоса ол өзара сыйласымдылыққа, сенімге және оқуға негізделуі қажет. Біз қоғамдастықты дамыту практикасындағы шиеленісті, белгісіздік және қарама-қайшылық пен жұмыс жасаудың, қалыптасқан жағдайды және консультация кезінде жауап бергендердің бірі айтқандай «құзыретті тілектестікті» өзгертуге тырысудың маңызын мойындаймыз.

### Қатысушылар кім?

#### D. Қатысушылар

IACD анықтамасында жергілікті болсын, тұлғалық немесе мүдделік болсын, өз қоғамдастығындағы адамдар деп айтылған. Демек, қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандардың жұмыс жасайтын басты топтар сол қоғамдастықта тұратындар болып табылатыны, және бұл қоғамдастықты дамудың негізі екені анық. Бірақ қоғамдастық көпіршікте болмайды. Ол үнемі үкіметтік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіпорындардың, қызмет көрсетушілердің және шешімдер қабылдайтын тұлғалардың, саясаткерлердің және неғұрлым кең азаматтық қоғамның кең ауқымымен өзара әрекеттеседі.

Бұл қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары жұмыс істеуі тиіс екі жақты бағытты атап көрсетеді: өз қоғамдастықтарының ішіндегі адамдармен де, сондай-ақ осы қоғамдастықтардан тыс жерлерде болуы мүмкін мекемелер мен ұйымдардың кең шеңберімен де жұмыс жасауы тиіс, мысалы, Үкіметпен, жергілікті билік органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, жеке сектормен, халықаралық және ұлттық донорлармен және басқа да қаржыландыратын ұйымдармен және т.б. Осылайша, практик айналысатын ұйымдастырушылық және білім беру жұмысы да қоғамдастықтармен барынша тиімді жұмыс жасау үшін сыртқы мекемелерге әсер етумен байланысты болады.

**Біз қоғамдастықты дамыту саласындағы тәжірибеде жиі кездесетін сегіз тақырыпты анықтадық. Олар:**

- Құндылықтарды практикада пайдалану
- Қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу
- Бірігіп жоспарлауды қамтамасыз ету
- Өзгерістерді ұйымдастыру
- Өзгерістерді зерттеу
- Алуан түрлілік пен инклюзивтілікті насихаттау
- Басшылық пен инфрақұрылымды қалыптастыру
- Саясат пен практиканы әзірлеу және жетілдіру

**1-сурет. Бүкіл әлемдегі қоғамдастықты дамыту практикасына ортақ тақырыптар**



Бұл сурет тек иллюстративті және бірінен бірі туындайтын сызықты процесті білдірмейді. Осы тақырыптардың әрқайсысының арасында кері байланыстың үздіксіз циклі болады, өйткені қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-маман қоғамдастықтағы адамдармен және осы қоғамдастықтарға әсер ететін көптеген мекемелермен және ұйымдармен жұмыс істейді.





**Бұл тақырыптардың әр қайсысы арасында үзілмес кері байланыс циклі болады, себебі қоғамдастықты дамыту практигі қоғамдастықтағы адамдармен және осы қоғамдастықтарға әсер ететін мекемелер мен ұйымдардаға адамдармен жұмыс жасайды.**

Содан кейін біз кез келген кәсіппен айналысатын адамдар жүзеге асыратын қоғамдастықты дамыту практикасы тақырыптарының әрқайсысына байланысты маңызды салаларды анықтадық. Осыған орай, біз әрбір негізгі салалар бойынша практика көрсетуге тиіс аспектілер жайлы стандартты тұжырымдама жасадық.

Бұл туралы келесі бөлімдерде айтылады.

Бұған дейін айтылғандай, кәсіби қоғамдастықты дамыту практикасы бірқатар кәсіби қызметтерді қамтиды. Нақты атқаратын рөлдер шеңберінде практик-мамандар басқаларға қарағанда кейбір тақырыптар мен жұмыс салаларына көбірек көңіл бөлетін болады және, мүмкін, барлық стандартты тұжырымдамаларға қатысты болатындай тәжірибе жасау мүмкіндігі немесе қажеттілігі болмайды. Дегенмен, қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандардың өз практикасының өзгеріс процестеріне қалайша қатысты екендігін, және қалай әрес ететінін білу үшін, барлық тақырыптардан, жұмыс салалары мен стандартты тұжырымдамалардан хабары болуы тиіс.

Қоғамдастықтар қабылдауға (және оң өзгерістерге қол жеткізу үшін пайдалануға) бел бұған стратегиялар мен тактикалар әр түрлі саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және мәдени жағдайлардың ықпалымен өзгереді. Бұл таңдауға қатсты қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандардың атқаратын рөлі – қоғамдастықтарды бұл контексттер жайлы өз түсініктері мен тұжырымдарын әзірлеп, біріге мақсат қойып, оған жету жолдарын іздеу. Яғни, бұл дегеніміз - қоғамдастықтар үшін қандай стратегия мен тактикаларды таңдап, қабылдау қажет екендігі жайлы өздігінен шешім қабылдау емес. Әйтсе де, қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандар ұйымдастырушылық және білім беру тәжірибесімен жаңа идеялар және мүмкіншіліктерге ие әріптестерімен бөлісуі қажет. Практик-мамандар директивті және директивті емес араласуда қашан қабылдауды білуі керек.







## 1-КЕСТЕ:

### Тақырыптар мен негізгі салалар

Тақырыптар, негізгі салалар және практика туралы тұжырымдамалар қоғамдастық дамыту практикасы бойынша нұсқаулықты қамтиды, олар стратегияның немесе тактиканың бір түріне артықшылық білдірмейді.

ТАҚЫРЫПТАР	НЕГІЗГІ ПРАКТИКА САЛАЛАРЫ
<b>Құндылықтарды практикада пайдалану</b>	Қоғамдастықтарды дамыту құндылықтарын, процестерін және нәтижелерін түсіну және оларды басқа да барлық негізгі салаларда практика жүзінде қолдану
<b>Қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу</b>	Қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу және оларды түсіну, жеке тұлғалармен және топтармен қарым-қатынас құру және қолдау
<b>Бірігіп жоспарлау</b>	Бірлескен жұмысты және қоғамдастықтың қатысуын дамыту және қолдау
<b>Өзгерістерді ұйымдастыру</b>	Қоғамдастықтарды ұжымдық әрекет жасауға, өз әсерін күшейтуге итермелеу және қажет болған жағдайда олардың қол жеткізу, ресурстар мен қызметтерді басқару және бақылау қабілетін арттыру.
<b>Өзгерістерді зерттеу</b>	Адамдар мен ұйымдарға бірігіп оқу үшін және әлеуметтік өзгерістерге қажетті түсінік, сенім және дағдылар деңгейін арттыру үшін қолдау көрсету.
<b>Алуан түрлілік пен инклюзивтілік</b>	Әралуандықты мойындайтын және құрметтейтін және инклюзивтікті насихаттайтын тәжірибені, саясатты, құрылымдар мен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру.
<b>Басшылық пен инфрақұрылым</b>	Қоғамдастықты дамыту бойынша ұжымдық даму мен инфрақұрылымды оңтайландыру және қолдау, басшылықтың мүмкіндіктерін арттыруды көтермелеу және жүзеге асыру.
<b>Саясат пен практиканы әзірлеу және жетілдіру</b>	Стратегиялық және жұмыстық тәжірибені тарату және жетілдіру үшін қатысу негізінде бағалауды пайдалана отырып, қоғамдастықты дамыту тәжірибесі мен саясатын әзірлеу, бағалау және тарату.



# Тақырыптар, Негізгі салалар және практика жөнінде

## 1-ТАҚЫРЫП:

Құндылықтарды практикада пайдалану

Бұл тақырып барлық контекстердегі қоғамдастықты дамыту практикасының негізінде жатқан құндылықтарды, ол негізделген процестерді және одан туындайтын нәтижелерді түсінуге, және осы түсінікті практик өз контекстінде қолдануға бағытталған.

## Қоғамдастықты дамыту практикасы 1-НЕГІЗГІ САЛА:

Қоғамдастықты дамытудың құндылықтарын, процестерін және нәтижелерін түсініп, оларды берілген негізгі салалардың барлығында практика жүзінде пайдалану.

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. қоғамдастықты дамытудың құндылықтарын, процестері мен нәтижелерін өз жағдайы мен рөлі шеңберінде түсінетінін
- b. өздерін қалайша қоғамдастықты дамыту практигі ретінде жетілдіретінін білетіндігін
- c. қоғамдастықты дамытуды өз және басқа ұйым тәжірибесі негізінде қалайша қолдап, насихаттау қажет екендігін білетінін көрсете алуы керек



## 2-ТАҚЫРЫП: Қоғамдастықтармен біріге жұмыс жасау

Бұл тақырып практик жұмыс жасайтын қоғамдастықтарды тануға, оларға әсер ететін мәселелерді түсінуге және оң өзгеріске қарай негіз салатын қарым-қатынас құруға бағытталған.

### Қоғамдастықты дамыту практикасы 2-НЕГІЗГІ САЛА:

**Қоғамдастықтарды түсіну және олармен әрекеттесу, жеке тұлғалар және топтармен қарым-қатынас құрып, жалғастыру.**

В этой ключевой области развития сообщества специалисты-практики, использующие целый ряд дисциплин, должны демонстрировать, что они:

- a. жергілікті қоғамдастықтарға, әсіресе маргиналданған топтарға әсер ететін әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және экологиялық факторларды түсінетіндігін
- b. активтерді, қажеттіліктерді, бейресми желілерді, мүдделерді, уәждемелерді, билік динамикасын, қатысу және мүмкіндіктер үшін кедергілерді анықтау арқылы қоғамдастықпен қалай танысуға болатынын түсінетіндігін және бұл үшін зерттеу дағдыларын қалай пайдалануға болатынын білетіндігін
- c. қоғамдастықтың барлық жіктерін қалай іздеу және өзара әрекеттесетінін, қалайша олар үшін қолжетімді медиа арқылы немесе бетпе-бет тыңдап, қарым-қатынас жасайтынын білетінін
- d. қоғамдастықтың барлық жіктерін қамтитын топтардың жұмысын, құндылықтарын, мүмкіндіктері мен мақсаттарын түсініп, құрметтеп және мойындайтынын және өзара сенім негізінде қарым-қатынас құратынын
- e. қатысу және инклюзивтілікті дамыту үшін мүмкіндіктерді анықтау және олар үшін кедергілерді қалай жеңу үшін қоғамдастықтармен және басқа адамдармен қалай жұмыс істеу керектігін білетінін
- f. мүдделер қақтығысы болса, оны мойындай отырып және оларды шешудің тиімді тәсілдерін пайдалана отырып, ұжымдық шарт бағытында қоғамдастықтармен қалай жұмыс істеу керектігін білетінін көрсетуі қажет.



## 3-ТАҚЫРЫП:

### Бірігіп жоспарлау

Бұл тақырып қоғамдастық қатысуды дамытуға және серіктестіктердің мүмкіндігін арттырып, оны сақтап қалу дағдыларын дамыту үшін қоғамдастықтар мен мекемелерді қолдауға бағытталған.

#### Қоғамдастықты дамыту практикасы

### 3-НЕГІЗГІ САЛА:

#### Біріккен жұмысты және қоғамдастықтың қатысуын түсіну, дамыту және қолдау.

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. жергілікті, ұлттық және жаһандық саяси үдерістерді, сондай-ақ билік пен ықпал қай жерде екенін түсінуде қоғамдастықтарға қалайша көмек көрсететуді
- b. қоғамдастықтарға қолданыстағы зерттеу ақпаратын, сондай-ақ өзінің жеке жағдайларында зерттеу әдістерін қолдануға және түсінуге қалайша мүмкіндік беруді
- c. мүдделер қақтығысын мойындай отырып және шеше отырып, қоғамдастықтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі әріптестік қарым-қатынастарға және бірлескен жұмысқа қалайша бастамашылық жасау және қатысуды
- d. қоғамдастықтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында және олардың мүддесі үшін қоғамдастықтар, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да мекемелер арасындағы қатынастарды қалайша жетілдіруді
- e. қоғамдастықтармен қарым-қатынасты арттыру және тиімді қарым-қатынас құру мақсатында мемлекеттік органдар мен шешімдер қабылдайтын басқа да тұлғаларға және қызмет көрсетушілерге қалайша ықпал етуді
- f. қажеттіліктерді, мүмкіндіктерді, құқықтар мен міндеттерді анықтау, мүдделер қақтығыстарын тану және реттеу мақсатында қоғамдастықтармен және мекемелермен қалайша жұмыс жасауды
- g. қоғамдастықтардың қатысуы үшін кедергілерді жою және қоғамдастық өкілдеріне стратегиялық жоспарлауда, шешімдер қабылдауда және әрекеттерде белсенді рөл атқаруға қалайша мүмкіндік беруді білетінін көрсетуі қажет



## 4-ТАҚЫРЫП: Өзгерістерді ұйымдастыру

Бұл тақырып қоғамдастықтарға ұжымдық іс-қимыл жасауға және осыған қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беруге; және олардың ұжымдық іс-әрекеттері өзгерістер жасауға қажетті оң күш ретінде қолдау көрсетілетін контексті әзірлеуге бағытталған.

### Қоғамдастықты дамыту практикасы 4-НЕГІЗГІ САЛА:

**Қоғамдастықтарға ұжымдық іс-қимыл жасау, өзінің ықпалын арттыру, ресурстарға қол жеткізу және басқару мен қызмет көрсетуге қатысу мүмкіндігін беру.**

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары::

- a. адамдарға бірге жұмыс істеуге қалайша мүмкіндік беруді, олардың неге қол жеткізгісі келетінін анықтауды және топтар мен іс-шараларды әзірлеуді
- b. оң өзгерістерді ұйымдастыруда қоғамдастықтарды қолдауды
- c. қоғамдастықтар ішіндегі және олардың арасындағы жанжалдарды тиімді басқару мен реттеу үшін адамдарды қолдауды
- d. қоғамдастықтардың ұжымдық іс-әрекеттерінің әлеуетті пайдасын мойындау үшін және олармен қарым-қатынас жасау үшін шешім қабылдайтын тұлғаларға ықпал етуді
- e. қоғам қатысатын бюджеттеу және жерді, ресурстар мен қызметтерді басқару мен иелену үшін қоғамдастықтарды қолдауды
- f. қоғамдастықтардың қызметін жүзеге асыру үшін ресурстарға, қорларға және техникалық көмекке қол жеткізу үшін қалайша қолдау қажет екендігін білетінін көрсетуі қажет



## 5-ТАҚЫРЫП:

### Өзгерістерді зерттеу

Бұл тақырып қоғамдастықтардағы адамдардың және олардың өзгерістер мен даму саласындағы басымдықтарын қолдау үшін олармен жұмыс істейтін практик-мамандарды оқытуға жәрдемдесуге бағытталған.

#### Қоғамдастықты дамыту практикасы **5-НЕГІЗГІ САЛА:**

##### Әлеуметтік өзгеріс енгізу үшін адамдар мен ұйымдардың бірге оқуына қолдау көрсету.

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. қатысушылар мен практик-мамандардың біріккен әрекетінің және олардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру әдістерінің басты нүктесі ретінде тәжірибе, білім мен дағдыларды қолдануды
- b. тұлғалар мен топтардың қоғамдастықтарын дамыту жайлы диалогтан көрінген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оқу мүмкіндіктері мен қызметтерін әзірлеуді
- c. ұжымдық оқыту мен қоғамдастықтың іс – әрекетін қолдау үшін белсенді/эмпатикалық тыңдау, сондай-ақ жазбаша және визуалды коммуникация, әлеуметтік медиа, кино және баспа БАҚ және АКТ сияқты тиімді коммуникативтік дағдыларды қолдануды
- d. қоғамдастықты оқыту арқылы қоғамдастықты дамытудың құндылықтары мен мақсаттарын көрсететін өзгерістерді насихаттауды
- e. қоғамдастықты дамытуға байланысты үкіметтік, үкіметтік емес ұйымдардағы және жеке сектор ұйымдарындағы қызметкерлердің оқуға қажеттілігін анықтау мақсатында олармен әріптестік қарым-қатынасты қолдауды білетінін көрсетеді



## **6-ТАҚЫРЫП:** Алуан түрлілік пен инклюзивтілікті

Бұл тақырып практиканың негізгі аспектілері ретінде әралуандықты мойындауға және инклюзивтілікті қолдауға бағытталған.

### **Қоғамдастықты дамыту практикасы** **6-НЕГІЗГІ САЛА:**

**Әралуандықты қолдайтын мойындап, құрметтейтін және инклюзивтілікті насихаттайтын практиканы, саясатты, құрылымдар мен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру.**

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. Әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және экологиялық факторлар қоғамның түрлі топтарына, әсіресе маргиналданған топтарға қалай әсер ететінін түсінетінін
- b. Қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас әдістерінің инклюзивтілік пен әртүрлілікті насихаттауға және құрметтеуге ықпал етуін қамтамасыз ете отырып, әртүрлі және маргиналданған қоғамдастықтарда инклюзивті тәсілдермен жұмыс істейтінін
- c. Ығыстырылған қоғамдастықтарды іс-әрекетке тарту дағдылары мен сенімділігін дамыту үшін топтарға қалай қолдау көрсетуді білетінін
- d. Қоғамдастықта және қоғамдық топтарда жұмыс істейтін мекемелер арқылы кемсітушілікпен қалай күресуді және іс-әрекеттерге толықтай және белсенді қатысудан ығыстырылған немесе кемсітушілік көрген адамдарды қалай қолдауды білетінін
- e. Толыққанды қатысушылықты қамтамасыз ету үшін, танымдық және іс-әрекеттің жергілікті тәсілдерін қоса алғанда, әр түрлі дүниетанымдары мен пікірлері бар адамдар үшін қауіпсіз кеңістік тудыра отырып мәдени келісімді қалай көрсетуді білетінін
- f. Инклюзивтік тәжірибелерді қабылдауда және әралуандықты құрметтеуде мекемелер мен қоғамдастықтарға қалай қолдау көрсету керектігін білетінін
- g. Әлеуметтік инклюзивті саясатты, бағдарламалар мен тәжірибені қалай әзірлеу және насихаттау керектігін білетінін көрсетуі қажет



## 7-ТАҚЫРЫП: Басшылық пен инфрақұрылым

Бұл тақырып қоғамдастықтағы және қоғамдастықпен бірге басшылықтың мүмкіндіктерін кеңейтуге және қоғамдастықты дамыту мен тұрақты әлеуметтік өзгеріс инфраструктурасын әзірлеуге бағытталған.

### Қоғамдастықты дамыту практикасы 7-НЕГІЗГІ САЛА:

**Қоғамдастықты дамытудың ұйымдық дамуы мен инфрақұрылымын қолдау және оңтайландыру, басшылық мүмкіндіктерін арттыруды насихаттау және қамтамасыз ету.**

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. топтарға оларды өз тәжірибесі мен саясатын, сондай-ақ сыртқы мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді талдау үшін қолдау көрсететінін
- b. топтарға олардың өзінің болашақ тұрақтылығын жоспарлау үшін, сондай-ақ өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін стратегиялық және бизнес-жоспарларды әзірлеу үшін қолдау көрсететінін
- c. қоғамдастықтар ішіндегі есеп беретін және демократиялық басшылық үшін мүмкіндіктерді дамытуды қолдайтынын
- d. жеке және серіктес ұйымдар шеңберінде қоғамдастықты дамытуды қолдау үшін ұйымдастыру құрылымдары, мәдениет, саясат, тәжірибе және мінез-құлық бойынша қалай ықпал ету және кеңес беру қажет екенін білетінін
- e. саяси контексті және онымен байланысты мүмкіндіктерді, одан туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді түсінетінін, және қоғамдастықтар мен серіктестіктерді осындай әрекетке ынталандыратынын және осы контекстегі стратегиялар бойынша шешімдер қабылдауда оларға қолдау көрсететінін
- f. қоғамдастықтармен және қоғамдастықтарды тартуға бағытталған серіктестіктермен жұмыс істеу үшін басшылықтың демократиялық, қатысушылық және инклюзивтік стильдерін қабылдауға жергілікті қауым басшыларын ынталандыратынын
- g. тиімді қоғамдастықтарды дамыту практикасын тарататын жұмыс жүйелерін әзірлеуде ұйымдарға қолдау көрсететінін





## 8-ТАҚЫРЫП:

### Саясат пен практиканы әзірлеу және жетілдіру

Бұл тақырып саясат пен практиканы тарату үшін біріккен бағалаудан және өзекті сыртқы факторлардан алынған дәлелдерді қолдануға бағытталған.

### Қоғамдастықты дамыту практикасы 8-НЕГІЗГІ САЛА:

**Стратегиялық және жұмыс тәжірибесін қолдану үшін бағалау әдіснамасын пайдалана отырып, қоғамдастықтарды дамыту бойынша практика мен саясатты әзірлеу, бағалау және қолдану.**

Бұл негізгі салада көптеген пәндер бойынша жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары:

- a. Қатысу әдістерін пайдалана отырып, қоғамдастықты дамытудың іс-әрекеті мен практикасын шолу және бағалауды
- b. прогресті талдау, тәжірибені зерделеу, нақты деректердің әсері және болашақ әрекеттерді анықтау үшін мониторинг пен бағалауды пайдалануда қоғамдастық топтарын қолдауды
- c. Саясат пен практиканы әзірлеуде қолдану үшін өз тәжірибесінен және бірге жұмыс жасаған қоғамдастықтан нақты деректерді жинау және пайдалануды
- d. әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және экологиялық өзгерістердің өз контекстіндегі қоғамдастықты дамыту практикасына әсерін талдауды
- e. практиканы талдау және әзірлеу үшін, және қоғамдастықтарға қатысты нәтижелерді көрсету мақсатында практик-мамандар мен қоғамдастық топтарды қоғамдастықты дамыту әрекеттеріне біріккен мониторинг пен бағалау жүргізуде қолдауды
- f. саясат пен практиканы әзірлеуде пайдалану үшін қоғамдастықты дамыту саласындағы қызметті бағалаудан алынған дәлелдер мен неғұрлым кең әлеуметтік, саяси, экономикалық және экологиялық жағдайларды талдауды бағалауды
- g. білім дәрежесін анықтау және оны қолдану үшін, біздің тәжірибемізді үнемі жетілдіру үшін, біздің жұмысымызға сыни үрдістерді енгізуді
- h. Ықпал ету шараларын қоса алғанда, өз мекемелері, қаржыландыратын ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар үшін есеп беру және бағалау туралы есептерді дайындауды білетінін көрсетуі қажет.



# ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ҚАДАМДАР

Халықаралық стандарттардың жалпы жинағын құрастыру бойынша жұмыс жасау қоғамдастықты дамытудың жалпы анықтамасын әзірлеудегі келесі қисынды қадам болып табылады. Бұл анықтаманы қабылдауға және қолдануға деген қолдау өсуде, осыған қарай біз халықаралық стандарттар да сондай қолдауға ие болады деп үміттенеміз.

Осы құжаттың кіріспе бөлімдерінде біз әртүрлі елдерде жұмыс істейтін қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандар үшін осы халықаралық стандарттарды жұмысының әртүрлі жағдайларына – әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси жағдайларына қолдануы және бейімдеуі үшін бастапқы нүкте ретінде қарастырамыз деп мәлімдедік. Біз бұл жағдайлардың бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетіндігін мойындаймыз, сондықтан стандарттарды қалыптылық ретінде қарастыру керек емес. IACD практика реттеушісі емес және практик-мамандар үшін немесе ұйымдар үшін бұл стандарттарды қабылдауға деген ешқандай міндеттемелер немесе талаптар жоқ. Алайда, осы стандарттарды әзірлеу кезінде біздің ниетіміз оларды практик-мамандарға, білім беру және кәсіби даярлық саласындағы қызмет көрсетушілерге, жұмыс берушілерге, қоғамдастықты дамыту өңірлік және ұлттық қауымдастықтары мен ұлттық үкіметтер үшін басшылық ретінде ұсыну болатын. Бұл жалпы халықаралық стандарттар сондай-ақ жаһандық деңгейде қоғамдастықты дамытуды оқыту мен практикасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және тәжірибе алмастыру үшін мүмкіндік береді.

Бәрінен бұрын біз жалпы халықаралық стандарттар ретінде қоғамдастықты дамытуға қатысатын адамдар арасында дамып келе жатқан жаһандық түсінік пен практиканың өзара байланыстылығы қолдау табатынына үміттенеміз.

## Халықаралық стандарттарды қалай қолдануға болады?

Стандарттар біріге отырып нәтижелерді анықтауға және процесті қалыптастыруға жәрдемдесетін нұсқаулық ретінде қолданыла тұрып, сонымен қоса оларды сыни талдауға да қолданыла алады. Басқаша айтқанда, олар іс-әрекетті жоспарлауға, жүзеге асыруға және оған шолу жүргізуге және оқу процесіне қолдау ретінде пайдаланылуы мүмкін.



Осылайша, оларды қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары көптеген мақсатта пайдалана алады:

- қоғамдастықты дамытудың не екендігі жайлы жалпы түсінікті қалыптастыруда
- қоғамдастықты дамытудың негізін құрайтын құндылықтарды насихаттауда
- практиканы жетілдіруде
- теория мен саясатта пайдалануда
- академиялық және практикаға негізделген оқуды қалыптастыруда

Біз оларды қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандары қолдап, ұлттық стандарттар мен базалық элементтері бар елдерде өзара толықтырушы негізде, сондай-ақ ұлттық стандарттар әзірленбеген елдерде басқарушы ресурс ретінде пайдаланылатын болады деп үміттенеміз.

**Стандарттар жобасы бойынша консультация процесінің бір бөлігі ретінде, біз осы стандарттардың қалай пайдаланылатындығына қатысты нақты идеялар сұрадық. Төменде осы идеялар келтірілген:**

- Жаһандық және жергілікті контекстерде, қоғамдастықтар ішінде және арасында, сондай-ақ түрлі мекемелер мен ұйымдар арасында қоғамдастықты дамытудың мақсаттарын, құндылықтарын және негізгі салаларын талқылау
- Әртүрлі контекстердің әртүрлі елдердегі/қоғамдастықтардағы практиканың жалпы салаларына қалай әсер ететінін көрсетуге көмектесетін ресурстарды әзірлеу
- Халықаралық желілерді қолдау және практика үлгілерімен және тәжірибесімен алмасу
- Қоғамдастықтарды дамытудың негізгі мақсаттары мен құндылықтары туралы қоғамдастықтар мен ұйымдарда жалпы түсіністікті қалыптастыру
- Ұжымдық іс-әрекеттер мен мүмкіндіктерді құрайтын біріге жоспарлау мен қоғамдастықты иелену туралы талқылауларды қолдау
- Қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандарын алдын ала және өндірістен қол үзбей оқыту және білім беру жүйесінің жобасын пайдалану
- Рефлексивті практиканың өзін-өзі бағалау құралдарын әзірлеу
- Практиканы дамытуды қолау үшін Стандарттардың қалайша қолданылып жатқандығы жайлы «саладағы» тәжірибеден алынған мысалдарды, бәлкім әрбір негізгі сала бойынша, және ортақ тақырыптар бойынша халықаралық мысалдарды таратуды қолдау
- білім беру және оқыту бағдарламаларына енгізу үшін халықаралық ресурстарды дамыту – практикамен байланысты даулар мен мәселелерді анықтау
- оқыту және оқу ресурстарының IACD Жаһандық қоғамдастықты дамыту бойынша пікір алмасу қорын (GCDEX) пайдалану
- Қоғамдастықты дамыту практикасының аспектілерін зерттейтін халықаралық зерттеулер мен ғылыми білімді дамыту үшін «жалпы базаны» қамтамасыз ету





Бірлескен оқытуды қолдау үшін, біз сіздерге осы стандарттарды қалай пайдаланатыңыз жайлы бөлісуіңізге кеңес береміз. Шынайы «тәжірибе қоғамдастықтарын» құруға алғашқы қадам ретінде IACD өз веб-сайтында стандарттар бойынша ашық форум өткізеді, және GCDEX арқылы біз мүшелер стандарттарды және оларға қатысты кез келген ресурстарды қалай пайдалатындығы жайлы ақпаратпен бөлісе алатындай арнайы секция құрамыз. Біз сондай-ақ қоғамдастықты дамыту мәселелері бойынша оқытушылардың халықаралық форумын құруды қолдауға ниеттіміз.

1970 және 1980 жылдары IACD Қоғамдастықты дамыту мәселелері жөніндегі ақпараттық-үйлестіру орталығын басқарды. Бұл бұрыннан жабық және бүкіл әлем бойынша аспирантура мен магистратура бағдарламаларын кең таратып (ал кейбір жағдайларда керісінше), қоғамдастықты дамыту бойынша кәсіби оқыту мен білім беру бағдарламасын ұсынған. Қазір мұндай рөл біздің ағымдағы мүмкіндіктерімізден тыс. Алайда таяудағы жылдарда IACD Оқыту және кәсіби даму комитеті онлайн бағдарламаларды қоса отырып, басқа елдердегі қоғамдастықты дамыту саласындағы практик-мамандарға бағытталған кәсіби даму модульдерін жалғастыра отырып, тәжірибе алмасу бойынша бағдарламалардың қысқа курсына аккредиттелген элементті қосып, курстарды жобалау және аккредиттеу үшін серіктестерімен бірігіп жұмыс істейді.

**Егер сіз осы жұмысқа қатысуға және IACD «Практик-мамандар қоғамдастығы» халықаралық стандарттарына қосылуға мүдделі болсаңыз, IACD оқыту және кәсіби даму комитетінің төрағасы Джон Стэнсфилдпен хабарласыңыз [jstansfield@unitec.ac.nz](mailto:jstansfield@unitec.ac.nz)**



*This report was prepared for IACD by Colin Ross, Anna Clarke, Charlie McConnell, Paul Lachapelle and John Stansfield. IACD wishes to acknowledge the considerable support received from the Community Learning and Development Standards Council Scotland.*

# IACD's Practice Insights magazine

sharing practice and research about community development from around the world.





# IACD туралы

IACD қоғамдастықтарды дамыту саласындағы практик-мамандар үшін жалғыз жаһандық желі болып табылады. Біз әлеуметтік және экономикалық теңдікті, қоршаған ортаны қорғау және саяси демократияны күшейту үшін қоғамдастықтардың әлеуетін құру мақсатында даму саласындағы мекемелер мен мамандарды қолдаймыз.

## Біз немен айналысамыз?

IACD адамдарды бір-бірімен байланыстырады. Біз виртуалды түрде, сондай-ақ бетпе-бет оқыту мен тәжірибе алмасуға ықпал етеміз. Біз өңірлік, ұлттық және халықаралық іс-шараларды, оқу сапарлары мен конференциялар өткізу үшін серіктестермен жұмыс істейміз. Біз қоғамдастықты дамыту бойынша тақырыптық зерттеулерді, құралдар мен материалдарды жинап, және оларды біздің веб-сайтымызға жариялап, электрондық бюллетеньдер мен жарияланымдар арқылы таратып, біздің мүшелеріміздің бүкіл әлем бойынша өткізетін жұмыстарын құжаттаймыз. Біз халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырамыз.

IACD өз мүшелеріне қоғамдастықты дамыту ұстанымдарын және халықаралық форумдар мен консультацияларды қолдай отырып, жаһандық деңгейде сөйлеу құқығын беруге ұмтылады. IACD Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның мекемелерінде консультациялық мәртебеге ие.

## Мақалалар басып шығару

Біздің «Practice Insights» халықаралық басылымдары жылына үш рет шығарылады, олардың әрқайсысы қоғамдастықты дамыту үшін маңызы бар нақты тақырыпқа арналған. Егер сіз қосымша ақпарат алғыңыз келсе немесе болашақ басылымдарға үлес қосқыңыз келсе, [charlie.mcconnell@iacdglobal.org](mailto:charlie.mcconnell@iacdglobal.org) мекенжайына жазыңыз. Сонымен қатар, IACD мүшелері кез келген уақытта біздің мүшелеріміздің Facebook сайтына және IACD веб-сайтына жаңалықтар, зерттеулер, тақырыптық зерттеулер немесе басқа да материалдарды ұсына алады.

## Бізге қосылыңыз

Толық ақпарат алу және қосылу үшін [www.iacdglobal.org/join-us](http://www.iacdglobal.org/join-us) сайтына өтіңіз

Мүшеліктің артықшылықтары:

- Қоғамдастықты дамыту және халықаралық даму туралы күнделікті Facebook жаңалықтары;
- IACD сайтында банк ресурстарын алмасудың жаһандық қоғамдастығына қол жеткізу;
- Тәжірибе алмасу бойынша оқу сапарларына қатысу мүмкіндіктері
- IACD конференцияларына жеңілдіктер;
- «Community Development Journal» (Қоғамдастықты дамыту журналы) журналына жазылуға жеңілдік;
- Біздің веб-сайтымыз, Facebook сайттары және басқа да жарияланымдар арқылы жаһандық аудиториямен өз жұмысыңыз және тәжірибеңізбен бөлісу мүмкіндігі;
- Мүшелер сондай-ақ өз кандидатураларын IACD Директорлар кеңесінің құрамына ұсынуға мүмкіндігі бар.

[www.iacdglobal.org](http://www.iacdglobal.org)



International Association for Community Development, Baltic Chambers, Suite 305,  
50 Wellington Street, Glasgow G2 6HJ, Scotland, UK

+44 141 248 1924

Website: [www.iacdglobal.org/](http://www.iacdglobal.org/)

Facebook: [www.facebook.com/IACDglobal](https://www.facebook.com/IACDglobal)

You can find out more about the Community Learning and Development Council, Scotland through its website:  
<http://cldstandardscouncil.org.uk>

Перевод на казахский язык - Канат Жансая, Астанинская школа бизнеса и технологий

Дизайн - НО "Inclusive Practices" (Грузия)

Website: [www.inclusivepractices.net](http://www.inclusivepractices.net)

Facebook: [www.facebook.com/inclusivepractices](https://www.facebook.com/inclusivepractices)

